

## Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.

Тексерілді:  М.А.Хайдарова

Қыркүйек айы. 1-апта.Ересек «Бүлдіршін» тобы

Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы».

Апта тақырыбы: «Мен және менің тобым».

Мақсаты: Балалар өзінің жағдайы көңіл күйі дене мүшелері атқаратын қызметі және өз балабақшасы туралы білімдерін кеңейте отырып, бөбекжай-бақшаның күн тәртібі туралы түсінік беру. Балабақша екінші үйлері екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту.

Күнтәртібі оның қысқаша мазмұны	Сейсенбі. 1.09.20.ж.	Сәрсенбі.2.09.20.ж.	Бейсенбі.3.09.20.ж.	Жұма.4.09.20.ж.
Балаларды қабылдау. Ата -аналрмен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау, тазалықтарын тексеру, температураларын өлшеу.  Ата-анамен әр түрлі тақырыпта әңгімелесу.			
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )	<b>Дид/қ ойын:</b> «Жыл мезгілдері» <b>М/ты:</b> Жыл мезгілдері «сурет бойынша әңгімелесу. Балалардың сөздік қорын дамыту ойлау қабілетін арттыру	<b>Дид/қ ойын:</b> «Бақта ма, баудама?» <b>М/ты:</b> Балалардың жемістер мен көкөністерді ажырата алуын үйрету.	<b>Дид/қ ойын:</b> «Ғажайып қорап» <b>М/ты:</b> Балалардың ойлау қабілеттерін, аңғарымпаздығын жетілдіру.	<b>Дид/қ ойын:</b> «Менің досым» <b>М/ты:</b> Ойлау қабілеттерін, шапшаңдығын қалыптастыру.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені. №1 картотека (Құралсыз)			
Таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тағамдануға баулу, тағамдарын тауысып ішуге баулу.			
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	«Өзі және дене мүшелері» туралы әңгімелесу. Дене мүшелерін дұрыс атап айтуға және өзінің ұл немесе қыз екенін білуге үйрету.	«Отбасы» санамақ. Бас бармағым атам, Балан үйрек апам, Шылдыр шүмек анам, Кішкентай бөбек мен. Біз үйде бесеуміз.	«Жыл мезгілдері» туралы сурет бойынша әңгімелесу. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін ажыратуға үйрету.	«Күз» мезгілі туралы әңгімелесу. Өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша Ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі	«Қатынас» Сөйлеуді дамыту <b>Тақ:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақ:</b> Сурет бойынша әңгімелеуді үйрету. Өз көрген білгендерін сөздерді байланыстыра отырып, айтуға жаттықтыру. Балабақшада тату тәтті ойнауға тәрбиелеу. <b>Дид-қ ойын</b> «Бақша да ма, бау да ма?»	«Таным» <b>Математика негіздері</b> <b>Тақ:</b> «Бір және көп, көп сандарды салыстыру және олардың арасындағы сәйкестік табу» <b>Мақ:</b> Заттарды санына қарай салыстыра білу қабілеттерін арттыру бір затпен көп затты	«Денсаулық» <b>Дене шынықтыру</b> <b>Мақ:</b> Балалардың балабақша, өз топтары туралы түсініктерін молайту. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Қолдарымен еденге	«Денсаулық» <b>Дене шынықтыру</b> <b>Мақ:</b> Балалардың балабақша туралы түсініктерін молайту. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету.

		<p><b>Ойынның мақсаты:</b> Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Музыка</b> <b>Тақ:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Музыкалық әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесімен динамикасын дәл беру.</p>	<p>бір бірінен айыра білуге үйрету. <b>Дид-қ ойын</b> «Жапырағына қарай ажырат» <b>Мақсаты:</b> Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.</p> <p><b>«Қатынас»</b> <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Я и моя группа. Детский сад» <b>Цель:</b> Формировать дружеские взаимоотношения и навыки общения у детей старшей группы; Расширить и уточнить представления детей о труде сотрудников детского сада; Развивать речь, логическое мышление, умение понимать смысл загадки находить отгадку;</p>	<p>сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіруге үйрету. <b>Қимыл-қ ойын</b> «Доп куу» <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Ф. Оңғарсынованың «Үй жақсы ма, бақша жақсы ма?» өлеңі. <b>Мақсаты:</b> Өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, зейінін, тілін дамыту. <b>Дид-қ ойын</b> «Балабақша» <b>Мақсаты:</b> балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.</p>	<p><b>Қимыл-қ ойын</b> «Аңшылар мен қояндар» <b>Мақсаты:</b> Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Дос болайық бәріміз» <b>Мақсаты:</b> Балалардың арасында жағымды қарым – қатынас орнату, қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Балалардың арасында достық, сыйластық, жолдастық ұғымдарын қалыптастыру. <b>Дид-қ ойын</b> «Дұрыс көрсет, ажырат» <b>Мақсаты:</b> Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың атауларын меңгерту.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Балабақшад ағы әр түрлі доптар» <b>Мақсаты:</b> Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Дидактикалық ойын</b> «Көңілді түстер»</p>
--	--	---	---	---	---

					<b>Мақсаты:</b> балаларды негізгі және құрама түстермен, түстерді араластыру принциптерімен таныстыру.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуендейміз бәріміз</b>		<p><b>№ 2.Бақылау.</b> Бұлтты бақылау <b>М/ты:</b>Бұлттың түзілуі түрлерін ажырату: шарпы бұлт будак ,қабатты бұлттар <b>Еңбек:</b>Ауладағы гүлдерді суару <b>М/ты:</b>Қоршаған ортаға қамқорлық қарауға үйрету <b>Қ/о:</b>«Соқыр теке» <b>М/ты:</b>Шапшандықа баулу <b>Ж/ж:</b>Баубек Әсемай жұмбақ шешу Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып (Бұлт) <b>М/ты:</b> Есте сақтау қабілеттерін арттыру <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 3.Бақылау.</b> Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау <b>М/ты:</b> Күз тырналарының жылы жаққа кетет қыста тамақтың тапшы-ы аяздың қаттылығы қиынға соғат <b>Еңбек:</b>Кұстарға жемсауыт жасау <b>М/ты:</b>Кұстарға қамқорлықпен қарау аяушылық сезімдерін ояту <b>Қ/о:</b>«Аттамақ» <b>М/ты:</b>Денені шынықтыру шапш.епт. баулу <b>Ж/ж:</b>Балнұр Айару Күз туралы тақпақ жаттау <b>М/ты:</b> Сөздік қорларын молайту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 4.Бақылау.</b> Желді бақылау <b>М/ты:</b>Желдің түрлерімен таныстыру салқын жел жылы жел ұйтқып соққан жел <b>Еңбек:</b>Әдемі гүлдер <b>М/ты:</b>Гүлдерді суару өсімдіктерге қамқор болу аялау күту <b>Қ/о:</b>«Орамал тастау» <b>М/ты:</b> тез жүгіруге, шапшандыққа епт.үйр. <b>Ж/ж:</b>Ердәулет Мұхаммад, Жел тақпақ жаттау <b>М/ты:</b> Тілдерін дамыту <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 5.Бақылау.</b> Көліктерді бақылау <b>М/ты:</b> Олардың түрлерімен танысу. Көлікке қарсы жүгірмеу көше тәртібін дұрыс сақтауға үйрету. <b>Еңбек:</b>Ағаш түптерін қопсыту су құю. <b>М/ты:</b>Табиғатты аялай білуге үйрету <b>Қ/о:</b>«Ақ қояным» <b>М/ты:</b> қимыл қозғалысын дамыта отырып,ептілікке бау <b>Ж/ж:</b> «Алтын күз» сурет бойынша әңгімелеу <b>М/ты:</b> Тілдерін жаңа сөздермен байыту <b>Еркін ойындар.</b></p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттелікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті, түскі асқа дайындық.				
<b>Түскі ас</b>	«Ас адамның арқауы» тамақты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру, мәдени-гигиеналық машықтарға тәрбиелеу..				
<b>Түскі ұйқы</b>		Балаларды әуенмен ұйықтату.	Жәй ертегі дауысымен балаларды ұйықтату.	«Әлди-әлди бөпешім» әнімен балаларды ұйықтату.	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.

<p>Сыртіндеп ұйқыданояту, ауа, сушаралары</p>	<p>Балаларды ұйқыдан ояту, қол белде: басты оңға, солға, алға, бұру. Табанды шынықтыру массажы, Тыныс алу жаттығулары.</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып ішуге және астан кейін ас қайыруды дағдыландыру.</p>				
<p>Ойындар, дербес әрекет</p>		<p><b>Вариативтік компонент:</b> «Кел билейік» «Айгүл қуыршақ қонақта» Би қимылдарын және ойын музыкалық әрекеттерің орындауға талпындыру.</p>	<p><b>Вариативтік компонент:</b> «Көркем сөз» <b>Тақ:</b> «Күз» I Жансүгіров <b>Мақ:</b> Күз тралы білімдерін тиянақтау. Күз айындағы адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>«Доп» өлеңін жаттау</b> <b>Мақ:</b> Балалардың тілдік сөздік қорларын байыту.</p>	<p><b>Табиғат</b> бұрышындағы гүлдерді бақылату <b>Мақ:</b> Балаларды гүлдерді аялауға және оларды күтіп баптауға тәрбиелеу.</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>		<p><b>«Қатынас»</b> саласы бойынша: Айяға дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p>	<p><b>«Таным»</b> саласы бойынша Айбекке сюжеттік ойын міндеттерін пайдалана отырып ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастыра алуға үйрету.</p>	<p><b>«Шығармашылық»</b> саласы бойынша Айяға қарапайым сюжеттік композицияларды құрап қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыра алуды меңгерту.</p>	<p><b>«Әлеумет»</b> саласы бойынша: Сұлтанбектің табиғаттың маусымдық өзгерістерін анықтай алуға дағдыландыру.</p>
<p>Серуенге дайындық.</p>	<p>Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.</p>				
<p>Серуен.</p>		<p><b>Бақылау.</b> Бұлтты бақылау <b>М/ты:</b> Бұлттың түзілуі түрлерін ажырату: шарпы бұлт будак , қабатты бұлттар <b>Қ/о:</b> «Соқыр теке» <b>М/ты:</b> Шапшандықа баулу <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>Бақылау.</b> Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау <b>М/ты:</b> Күздетырналардың жылы жаққа кететіндігі қыста тамақтың тапшылығы аяздың қаттылығы қиынға соғатындығын айту <b>Қ/ойын:</b> «Аттамақ» <b>М/ты:</b> денені шынықтыру.</p>	<p><b>Бақылау.</b> Желді бақылау <b>М/ты:</b> Желдің түрлерімен таныстыру салқын жел жылы жел ұйтқып соққан жел <b>Қ/ойын:</b> «Орамал тастау» <b>М/ты:</b> шапшандыққа, ептілікке баулу <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>Бақылау.</b> Көліктерді бақылау <b>М/ты:</b> Олардың түрлерімен танысу. Көлікке қарсы жүгірмеу көше тәртібін дұрыс сақтауға үйрету. <b>Қ/ойын:</b> «Ақ қояным» <b>М/ты:</b> қимыл қозғалысын дамыта отырып, ептілікке баулу <b>Еркін ойындар.</b></p>

			Шапшандыққа ептілікке баулу <b>Еркін ойындар.</b>		
<b>Серуеннен оралу</b>	Серуеннен оралу, киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шаралар.				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>		Топқа жаңадан қосылған балалардың балабақшаға бейімделуі туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. <i>Кеңес «Баланың балабақшаға бейімделуі»</i>	Ата-аналарға балалардың балабақшаға киегін формасы жөнінде айту. Пікірлесу.	Ата-аналарға жыл мезгіліне сай киіндіру және әртүрлі бағытта әңгімелесу.	Демалыс күндерде жақсы демалуына тілек білдіру.



## Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.

Тексерілді: Ресул М.А.Хайдарова.

Қыркүйек айы. 2-апта. Ересек «Бүлдіршін» тобы.

Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы».

Апта тақырыбы: «Мен және менің жақындарым» .

Мақсаты: Балаларға өзінің отбасы және жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы түсінік беру. Өз жақын адамдарын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Күнтәртібі оның қысқаша мазмұны	Дүйсенбі: 7.09.20 ж	Сейсенбі: 8.09.20.ж.	Сәрсенбі: 9.09.20.ж.	Бейсенбі: 10.09.20.ж.	Жұма: 11.09.20.ж.
Балаларды қабылдау. Ата -аналрмен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау, тазалықтарын тексеру, температураларын өлшеу. Ата-анамен әр түрлі тақырыпта әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )	Д/о: «Артығын тап» М/ты: Балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру.	Д/о: «Төлдер қалай дыбыстайды?» М/ты: Ойын арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айта алуды үйрету.	Д/о: «Менің досым» М/ты: Ойлау қабілеттерін, шапшандығын қалыптастыру.	Д/о: «Заттың атын ата» М/ты: Ыдыс-аяқтардың атауларын дұрыс атауды үйрету. Ыдыстардың не үшін қолданатыны туралы түсінік қалыптастыру.	Д/о: «Жыл мезгілдері» М/ты: Балалардың сөздік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені. № 1 картотека. (құралсыз)				
Таңғы ас.	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тағамдануға баулу, тағамдарын тауысып ішуге баулу.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	«Күз мезгілі» тақырыбында сурет бойынша әңгімелету. Балалардың сөздік қорын молайту. Өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.	<b>Өлеңді жатқа айту.</b> Атамнан басталар, Әжемнен қосталар Отбасы мыналар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін!	«Күз» өлеңін жаттау. Көк майсалы көрікті, Алқаптағы көп егін. Бұл күндері киіпті, Сары жібек көйлегін. <i>Қ. Мүсірепов.</i>	<b>Санамақ айту.</b> Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым-атам, Балан үйрек-апам, Ортан терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам, Кішкене бөбек-мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз.	«Менің отбасым» тақырыбында сурет бойынша әңгімелету. Балаларды өз ойын ашық айтуға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым	<u>ҚР Мемлекеттік Әнұраны</u> «Денсаулық»	«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Так: «Қуыршақ бізге	«Таным». Математика негіздері Тақырыбы: «0,1 саны	«Денсаулық» Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды	«Денсаулық» Дене шынықтыру. Мақсаты: Балалардың

<p>ресі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға отбасы туралы тереңірек түсінік беру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. 1.Допты еденге соғуға жаттықтыру. 2. 1-1,5 арақашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуді үйрету. <b>Қимыл-қ ойын</b> «Тақия тастамақ» <b>Мақсаты:</b> балалардың зейінің дамыта отырып, жылдамдыққа үйрету.</p> <p><b>«Таным».</b> <b>Жаратылыстану.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің отбасым», <b>Мақсаты:</b> Балалар өзінің отбасы,жақсы көретін адамдары олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге үйрету. <b>Дид-қ ойын</b> «Жер, су, ауа» <b>Ойын мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Сурет салу.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Әжеге арналған ормал»</p>	<p>қонаққа келді» <b>Мақ:</b> Үлгі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіру.Өз ойын еркін жеткізуге жаңа сөздерді меңгеруге баулу.Тақырыпқа сәйкес тақпақ жаттау. <b>Дид-қ ойын</b> «Не қайда тұрады?» <b>Мақсаты:</b> Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Музыка</b> <b>Тақ:</b> «Менің достарым» <b>Мақсаты:</b> Музыканың өзгеруіне сәйкес қозғалыстарды өзгерту.Музыканың ширақ сипатын жеңіл,ырғақты жүгіріспен беру, қазғалысты музыкамен сәйкестендіру.</p>	<p>мен цифры». <b>Мақсаты:</b> 0,1 саны және цифрымен таныстыру. Бір затты анықтай алуға үйрету заттардың белгілерін тауып оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. <b>Дид-қ ойын</b> «Не артық?» <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.</p>	<p>отбасы мүшелерін сыйлауға баулу. Балалардың жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 1.Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету. 2.Бір бағытта ұстап, бір-біріне допты домалатуды үйрету. <b>Қимылдық ойын</b> «Аюдың апанында» <b>Мақсаты:</b> балалардың сөздік қорын дамыта отырып,қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>«Таным».</b> <b>Құрастыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көп қабатты үйлер» <b>Мақсаты:</b> Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп,ұсынған шарт бойынша құрастыруға, құрылыс материалын таңдай отырып көп қабатты үй құрастыра білуге үйрету. <b>Дид-қ ойын</b> «Бұл қай мезгіл?» <b>Мақсаты:</b> күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Музыка</b> <b>Тақ:</b> «Менің достарым» <b>Мақсаты:</b> Музыканың өзгеруіне сәйкес</p>	<p>отбасы мүшелері туралы түсініктерін молайту. Балалардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. 1.Бір орында оңға, солға бұрылып секіруді үйрету. 2.Гимнастикалық отырғышта тартылуды үйрету. <b>Қимыл-қ ойын</b> «Қасқырлар мен лақтар» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>«Қатынас»</b> <b>Көркем әдебиет,</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің әжем» Қадыр мырза Әли (жаттау); <b>Мақсаты:</b> Балаларға өлеңді тыңдата отырып,отбасы туралы отбасында әженің тұлға екені және отбасы мүшелерінің орны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. <b>Дид-қ ойын</b> «Апта күндері» <b>Мақсаты:</b> Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Жапсыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Әжеге</p>
--	---	--	--	--	--

	<p><b>Мақсаты:</b>Өрнектерді бұрыштарына, шеттеріне, ортасына орналастыра отыра, шаршы пішіндес заттарды безендіруді үйрету. Тік және ирек сызықты, нүктелер, жағыс салу машығын дамыту.</p> <p><b>Дид-к ойын</b> «Таңғажайып алақан»</p> <p><b>Мақсаты:</b> қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту.</p>			<p>қозғалыстарды өзгерту. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, қазғалысты музыкамен сәйкестендіру.</p>	<p>арналған орамал»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың әже туралы түсініктерін бекіту. Желіммен жұмысты тиянақты жасауға үйрету.</p> <p><b>Дид-к ойын</b> «Сықырлы түстер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> ойын барысында балалардың назарын және түрлі түстер мен реңктерге қызығушылығын, табиғат сұлулығын қабылдағанда қуаныш сезімін дамыту.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p>				
<p><b>Серуендейміз бәріміз</b></p>	<p><b>№ 6. Бақылау</b> Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. <b>М/ты:</b> Құстардың күзгі тіршілігі туралы мағлұмат беру. <b>Еңбек:</b> Біздің ойыншықтар. <b>М/ты:</b> Ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстауға үйрету. <b>Қ/о:</b> «Жүзік салу» <b>М/ты:</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Ж/ж:</b> Мұхаммадқа, Баубекке «Құстар қайтіп барады» өлеңін жаттату. <b>М/ты:</b> Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 7. Бақылау.</b> Ауа райын бақылау <b>М/ты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> Таза алаң. <b>М/ты:</b> Аула сырыпырушыға көмектесу. <b>Қ/о:</b> «Қасқыр мен қаздар» <b>М/ты:</b> Рольдерді бөліп ойнауға және топтасып ойнауға қалыптастыру. <b>Ж/ж:</b> Әминаға, Айбекке «Күшік» Е.Өтетілеуов. өлеңін жаттату. <b>М/ты:</b> «Ү» дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 8. Бақылау.</b> Күзгі жапырақтарды бақылау <b>М/ты:</b> Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. <b>Еңбек:</b> Жапырақтардан гүл шоғын жасау. <b>М/ты:</b> Қол икемділігін дамыта отырып, әсемдікті сезіне білуге талпындыру. <b>Қ/о:</b> «Ау жүрген орманда» <b>М/ты:</b> Қимыл қозғалысын дамыту. <b>Ж/ж:</b> Әсемай, Сұлтанбекке «Күзгі жапырақтар» жаттау. <b>М/ты:</b> Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.</p>	<p><b>№ 9. Бақылау.</b> Алтын күзді бақылау <b>М/ты:</b> Күздің алғашқы белгілерін анықтау. <b>Еңбек:</b> Таза алаң. <b>М/ты:</b> Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. <b>Қ/о:</b> «Көрші» <b>М/ты:</b> Ептілікке, сезімталдыққа, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. <b>Ж/ж:</b> Каусарға, Ердәулетке «Отбасы мүшелерін» атау. <b>М/ты:</b> Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 10. Бақылау.</b> Жәндіктерді бақылау <b>М/ты:</b> Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.» Қыстың қамын жаз ойла» <b>Еңбек:</b> Біздің алаң <b>Мақс:</b> ауладағы жапырақтарды жинау. <b>Қ/о:</b> «Итеріспек» <b>М/ты:</b> Ойынға қызығушылықтарын дамыту. <b>Ж/ж:</b> Балнұр, Айбек «Тыйым сөздерді» жаттату <b>М/ты:</b> «Суға түкірме», «Нанды баспа», Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. <b>Еркін ойындар.</b></p>

			<b>Еркін ойындар.</b>		
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттелікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті, түскі асқа дайындық.				
<b>Түскі ас</b>	«Ас адамның арқауы» тамақты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру, мәдени-гигиеналық машықтарға тәрбиелеу.				
<b>Түскі ұйқы</b>	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.	Ертегі оқып беру, ұйықтату.	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.	«Бесік жырын» тыңдату, ұйықтату	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</b>	Балаларды ұйқыдан ояту, Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен, кереуетте жатып велосипед тебу. Қолды алға созып, қайшылап қозғалту. Тыныс алу жаттығулары.				
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып ішуге және астан кейін ас қайыруды дағдыландыру.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	<b>«Отбасы» ойыны.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға «Отбасы» мүшелері туралы түсініктерін кеңейту.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Кел билейік» <b>Мақ :</b> Қуыршақ арқылы балалардың биге қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Көркем сөз» <b>Тақ:</b> «Жұмыстың бәрі жақсы» М.Әлімбаев <b>Мақ:</b> Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар (мамандық) арқылы кеңейту	<b>«Менің достарым»</b> тақырыбында әңгімелесу. <b>М/ы:</b> Балаларды бір-бірімен достыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу	<b>Табиғат аясына саяхат.</b> <b>М/ы:</b> Табиғат аясында достарымен достасып ойнай алуды, бір-бірімен қарым-қатынасын қалыптастыру.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	<b>«Денсаулық»</b> саласы бойынша Айбекке негізгі қимылдарды орындауды үйрету.	<b>«Қатынас»</b> саласы бойынша Әсемайға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтай алуға үйрету.	<b>«Таным»</b> саласы бойынша Баубекке салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуді үйрету.	<b>«Шығармашылық»</b> саласы бойынша Айяға түстерді таныстырып дұрыс атап айтуға үйрету.	<b>«Әлеумет»</b> саласы бойынша Ердәулетке отбасы мүшелері туралы әңгімелеуге үйрету.
<b>Серуенге дайындық.</b>	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				

<b>Серуен.</b>	<b>Бақылау.</b> Қарғаны бақылау <b>М/ты:</b> Қарғаның тіршілігі туралы түсіндіру. <b>Қ/ойын:</b> «Ұшақтар» <b>М/ты:</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Ауа - райын бақылау. <b>М/ты:</b> Ауа - райындағы өзгерістерді бақылау. <b>Қ/ойын:</b> «Ақ серекте көк серек» <b>М/ты :</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Бұлттарды бақылау. <b>М/ты:</b> Күз мезгілінде аспан жиі бұлттанып тұратындығы жөнінде әңгімелесу. <b>Қ/ойын:</b> «Мысық пен тышқан» <b>М/ты :</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Ағаш бұтақтарын бақылау <b>М/ты:</b> Ағаштардың бұтақтарын сындырмауға, қамқор болуды үйрету. <b>Қ/ойын:</b> «Маған қарай жүгіріңдер» <b>М/ты:</b> Ойынға қызығушылықтарын дамыту. <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Жапырақтарды бақылау <b>М/ты:</b> Табиғаттағы өзгерістер туралы мағлұмат беру. <b>Қ/ойын:</b> «Күн мен жаңбыр» <b>М/ты:</b> Ойынға қызығушылықтарын дамыту. <b>Еркін ойындар.</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Серуеннен оралу, киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шаралар.				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналарға балалардың балабақшаға киетін формасы жөнінде айту. Пікірлесу.	Ата-аналарды «Жаңа бағдарламамен таныстыру». Оқу-тәрбие жұмыстары жөнінде әңгімелесу.	Ата-аналарға балабақшаға балаларды таңертең кешіктірмей әкелулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының қызықты сәттері және әр түрлі тақырыпта ата-аналармен әңгімелесіп, пікірлесу.	Ата-аналарға дүйсенбіде балабақшаға киімдерін таза әкелуді ескерту.

### Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.

Тексерілді:  М.А.Хайдарова.

Қыркүйек айы. 3-апта. Ересек «Бүлдіршін» тобы

**Өтпелі тақырып:** «Бәрі мен жайлы».

**Апта тақырыбы:** «Отбасылық дәстүрлер».

**Мақсаты:** Балаларға отбасылық дәстүрлер туралы түсінік беру. Әр отбасында балалардың туған күні атап өтілетіні, мерекелік дастархан жайылатыны, оған аналарымыздың сан алуан тәттілер дайындайтыны туралы әңгімелеу. Үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға еңбексүйгіштікке тәрбиелеу..

<b>Күнтәртібі оның қысқаша мазмұны</b>	<b>Дүйсенбі. 14.09.20 ж</b>	<b>Сейсенбі. 15.09.20.ж.</b>	<b>Сәрсенбі. 16.09.20.ж.</b>	<b>Бейсенбі. 17.09.20.ж.</b>	<b>Жұма. 18.09.20.ж.</b>
--	-----------------------------	------------------------------	------------------------------	------------------------------	--------------------------

арды ылдау. а -аналрмен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау, тазалықтарын тексеру, температураларын өлшеу. Ата-анамен жағымды қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )	<b>Дид/қ ойын:</b> «Заттардың аттарын ата» <b>М/ты:</b> Балаларды Ыдыс-аяқтардың аттарын атай алуын үйрету.	<b>Дид/қ ойын:</b> «Ғажайып қорап» <b>М/ты:</b> Балалардың ойлау қабілеттерін, аңғарымпаздығын жетілдіру.	<b>Дид/қ ойын:</b> «Бақта ма, баудама?» <b>М/ты:</b> Балалардың жемістер мен көкөністерді ажырата алуын үйрету.	<b>Дид/қ ойын:</b> «Жыл мезгілдері» <b>М/ты:</b> «Жыл мезгілдері» сурет бойынша әңгімелесу.	<b>Дид/қ ойын:</b> «Менің досым» <b>М/ты:</b> Ойлау қабілеттерін, шапшаңдығын қалыптастыру.
Ертеңгілік жаттығу	№2. Ертеңгілік жаттығулар кешені. (Лентамен)				
Таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тағамдануға баулу, тағамдарын тауысып ішуге баулу.				
Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.	«Балабақша» туралы өленді жатқа айтқызу.	«Сүйікті ойыншығым» тақырыбында суретпен әңгімелесу	«Балабақша» жөнінде өз ойларын айту, әңгімелесу.	«Жыл мезгілдері» туралы сурет бойынша әңгімелесу.	«Көп» және «біреу» ұғымы туралы айтқызу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша Ұйымдастырыл ған оқу қызмет кестесі	<b><u>ҚР Мемлекеттік Әнұраны</u></b> <b>«Денсаулық»</b> <b>Дене шынықтыру</b> Балаларға отбасы туралы тереңірек түсінік беру. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. 1. Допты бір—біріне төменнен лақтыру және қағып алуды үйрету (1,5 м қашықтықта). <b>Қимылды ойын</b> « Қаздар » <b>Мақсаты:</b> Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.	<b>«Қатынас»</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақ:</b> «Қуыршақ Әйгерімнің туған күні» <b>Мақ:</b> Балалар ойыншық туралы әңгіме құруға өз ойларын толық сөйлемдер арқылы жеткізе білуге үйрету. Шығармашылық жұмыс істеуге баулу.  <b>Дид-қ ойын</b> «Танып ал да, атын ата» <b>Мақсаты:</b> заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	<b>«Таным»</b> <b>Математика негіздері</b> <b>Тақ:</b> «1 цифры туралы білімін бекіту. Тез-баяу». <b>Мақ:</b> 1 цифры туралы өткенді пысықтау. Цифрды заттың санымен салыстыруға үйрету. «Тез-баяу» түсініктері туралы білімдерін пысықтау. <b>Дид-қ ойын</b> «Кімге не керек» <b>Ойынның мақсаты:</b> Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету  <b>«Қатынас»</b> <b>Орыс тілі</b>	<b>«Денсаулық»</b> <b>Дене шынықтыру</b> Балалардың отбасылық дәстүрлер туралы түсініктерін молайту. Балалардың шапшаңдығын, ептілігін дамыту. 1. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыруды үйрету (2м қашықтықтан). <b>Қимыл-қ ойын</b> «Тақия тастамақ» <b>Мақсаты:</b> балалардың зейінің дамыта отырып, жылдамдыққа үйрету.  <b>«Қатынас»</b> <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақ:</b> «Отбасындағы сыйластық»	<b>Дене шынықтыру</b> Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге баулу. Негізгі қасиеттер ептілік, күштіліктерін дамыту. 1. Допты еденге соғуға жаттықтыру. <b>Қимыл-қ ойын</b> « Аюлар мен аралар » <b>Ойын мақсаты:</b> Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі.  <b>«Әлеумет»</b> <b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>Тақ:</b> «Үй экономикасы» <b>Мақ:</b> Үй экономикасы туралы алғашқы түсініктерін

**«Таным»****Жаратылыстану****Тақ:** «Тату отбасы»,**Мақ:** Өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары олардың жақсылығымен қайырымдылығы, қарым-қатынастары туралы әңгімелеу. (Амандасу, қош тасу, алғыс айту) әдептілік қарым-қатынас мәдениеттілігімен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету.**Дид-қ ойын:** «Сән ательесі»**Мақсаты:** балаларды суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдермен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға, тапқырлық шапшандыққа баулу.**«Шығармашылық»****Сурет салу****Тақ:** «Атамның тақиясы»**Мақ:** Қазақтың ұлттық бас киімі тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету.

Ою-өрнектегі түс үйлесімділігі менырғақты сезінуге үйрету.

**Дид-қ ойын:**

«Пейзаж, натюрморт» дидактикалық ойыны

**«Шығармашылық»****Музыка****Т/бы:** «Менің отбасым»**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы тыңдап қабылдауға айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.**Тема:** «Моя семья»**Цель:** Учить рассказывать называть членов семьи на русском языке. Развивать навык понимать простые вопросы и отвечать на них. Воспитывать любовь и уважение к членам семьи.**Мақ:** Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, үлкенді сыйлап құрметтеуге үйрету. Инабаттылыққа тәрбиелеу**Дид-қ ойын** «Телефон»**Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.

қалыптастыру. Отбасы бюджеті туралы қарапайым түсінік беру.

**Дид-қ ойын** «Бізге күз не әкелді?»**Мақсаты:** Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.**«Шығармашылық»****Мүсіндеу****Тақ:** «Бауырсақ»**Мақ:** Дәстүріміз бойынша үйге қонақ келерде бауырсақ пісіретініміз туралы түсінік беру. Домалақ пішінді бауырсақты мүсіндеуге үйрету. Саусақ бұлшық еттерін дамыту.**Дид-қ ойын:** Бөлігін сал  
**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Заттың жетіспейтін бөлігін тауып орына сала білуге үйрету.  
Керек құралдар: қағаз, қарындаштар

	<p><b>Мақсаты:</b> балалардың кескіндеменің әртүрлі жанрлары: пейзаж, портрет, натюрморт туралы ойларын нақтылау.</p>				
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру</p>				
<p><b>Серуендейміз бәріміз Бақылау</b></p> <p><b>Еңбек</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p><b>Жеке жұмыс</b></p> <p><b>Еркін ойындар</b></p>	<p><b>№ 11.Бақылау.</b> Күнді бақылау. <b>М/ты:</b> Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле(жарық) табиғат үшін пайдалы және қажеттілігін ашу. <b>Еңбек:</b> Гүл шоғы. <b>М/ты:</b> Аландағы жапырақтарды жинап, әдемі гүл шоғын жасау. <b>Қ/о:</b> «Таяқшадан аттап өт» <b>М/ты:</b> Жылдамдыққа ептілікке баулу. <b>Ж/ж:</b> Әсемай, Әмина Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» <b>М/ты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 12.Бақылау.</b> Тұманды бақылау. <b>М/ты:</b> Күздегі тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Ағаштардың түптерін қопсыту <b>М/ты:</b> Өсімдіктерді күтіп баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу. <b>Қ/о:</b> «Шымшық доп» <b>М/ты:</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Ж/ж:</b> Айару, Айя Мақал-мәтел Таза болса- табиғат Аман болар- адамзат. <b>М/ты:</b> Балалардың тілдерін дамыту <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 13.Бақылау.</b> Шықты бақылау <b>М/ты:</b> Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру шықтың пайда болу жолы <b>Еңбек:</b> Ағаш бұтақтарын жинау. <b>М/ты:</b> Бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған ісін тыңғылықты аяқтау <b>Қ/о:</b> «Қояндар секіреді» <b>М/ты:</b> Қос аяқпен секіру. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. <b>Ж/ж:</b> Баубек, Ердаулет «Менің Отаным» өлең жаттау. <b>М/ты:</b> Тілдерін жана сөздермен байыту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 14.Бақылау.</b> Өткінші жаңбырды бақылау <b>М/ты:</b> Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру Жаңбырдың егістікке тигізер пайдасы туралы айту. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптерін қопсыту <b>М/ты:</b> Өсімдіктерге тыңайтқыштар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру <b>Қ/о:</b> «Допты қуып жет» <b>М/ты:</b> тез жүгіруге шапшаң. епт. үйр. <b>Ж/ж:</b> Мұхаммад, Айбек Еңбекпен ел көгерер Жаңбырмен жер көгерер. <b>М/ты:</b> Есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 15.Бақылау.</b> Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау <b>М/ты:</b> Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететінін түсіндіру <b>Еңбек:</b> Біздің ойын алаңы <b>М/ты:</b> сарғайған жапырақтарды жинау <b>Қ/о:</b> «Айгөлек-ау айгөлек» <b>М/ты:</b> қимыл қозғалысын дамыта отырып, ептілікке бау <b>Ж/ж:</b> Балнұр, Каусар «Күз» тақпақ жаттау. <b>М/ты:</b> Сөздік қорларын молайту. <b>Еркін ойындар.</b></p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Балалардың реттелікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті, түскі асқа дайындық.</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>«Ас адамның арқауы» тамақты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру, мәдени-гигиеналық машықтарға тәрбиелеу..</p>				
<b>Түскі ұйқы</b>	<p>Жәй ертегі дауысымен балаларды ұйықтату.</p>	<p>Балаларға тілек: «Жақсы ұйықтап жайлы тұру»</p>	<p>Балаларды әуенмен ұйықтату</p>	<p>«Әлди-әлди бөпешім» әнімен балаларды ұйықтату.</p>	<p>Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.</p>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту,</b>	<p>Балаларды ұйқыдан ояту, массаж, гимнастикалық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары.</p>				

су ралары					
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып ішуге және астан кейін ас қайыруды дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	<b>Баулармен жұмыс.</b> <b>Мақ:</b> Балалардың қол моторикасын жетілдіру.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Кел билейік» <b>Мақ:</b> Балаларды қазақтың халық шығармашылығы мен таныстыру, ұлттық мәдениетке қызығушылығын дамыту, әр ұлт адамдарын достық пейілін тәрбиелеу.	<b>Вариативтік оқу қызмет:</b> «Көркем сөз» <b>Тақ:</b> «Шалқан ертегісі» <b>Мақ:</b> Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін жүріс-тұрысын талдауға, оларды қабылдаған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.	<b>Боямақтармен жұмыс.</b> <b>Мақ:</b> Балалардың қолдарын жаттықтыру, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	<b>Табиғат</b> бұрышындағы аквариумдағы балықтарды бақылату <b>Мақ:</b> Балаларға балық туралы түсінік беру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Денсаулық саласы бойынша Әминаға өз-өзіне қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын, салауатты өмір салты туралы түсініктерді меңгерту	«Қатынас» саласы бойынша Айбекке дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.	«Таным» саласы бойынша Балнұрға әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруға үйрету.	«Шығармашылық» саласы бойынша Сұлтанбекке негізгі түстерді дұрыс ажыратып атауға жаттықтыру	«Әлеумет» саласы бойынша Әсемайға мазмұнды рольдік ойындарда отбасы мүшелерінің ролын сомдауға үйрету
Серуенге дайындық.	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен.	<b>Бақылау.</b> Құмырсқаны бақылау <b>М/ты:</b> Құмырсқаның тіршілігі туралы түсіндіру. <b>Қ/ойын:</b> «Маған қарай жүгір» <b>М/ты:</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту. <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Көліктеді бақылау. <b>М/ты:</b> Көліктердің бөліктері туралы таныстыру. <b>Қ/ойын:</b> «Пойыз» <b>М/ты:</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Бұлттарды бақылау. <b>М/ты:</b> Күз мезгілінде аспан жиі бұлттанып тұратындығы жөнінде әңгімелесу. <b>Қ/ойын:</b> «Мысық пен тышқан» <b>М/ты:</b> Балалардың қызығушылықтарын ояту <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Ағаш бұтақтарын бақылау <b>М/ты:</b> Ағаштардың бұтақтарын сындырмауға, қамқор болуды үйрету. <b>Қ/ойын:</b> «Маған қарай жүгіріңдер» <b>М/ты:</b> Ойынға қызығушылықтарын дамыту. <b>Еркін ойындар.</b>	<b>Бақылау.</b> Топырақты бақылау <b>М/ты:</b> Топырақтың дымқыл және құрғақ болатындығы туралы түсінік беру. <b>Қ/ойын:</b> «Мысық пен тышқан» <b>М/ты:</b> Ойынға қызығушылықтарын дамыту. <b>Еркін ойындар.</b>
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу, киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шаралар.				

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға балаларды таңертең кешіктірмей әкелулерін ескерту.	Пікірталас: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» Тәрбиеші	Ата-аналарға балалардың балабақшаға киегін формасы жөнінде айту. Пікірлесу.	Ата-аналарға жыл мезгіліне сай киіндіру және әртүрлі бағытта әңгімелесу.	Демалыс күндерде жақсы демалуына тілек білдіру.
------------------------	---	---	---	--	---

### Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.

Тексерілді: Сей М.А.Хайдарова.

Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы».

Апта тақырыбы: «Үлкендердің еңбегі» .

Мақсаты: Балаларға киім, аяқ - киім, жиһаз, ойыншықтардың адам еңбегінің нәтижесінде келетіндігі және күз мезгіліндегі бау-бақшадағы қарбалас еңбек туралы түсінік беру. Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Күнтәртібі оның қысқаша мазмұны	Дүйсенбі: 21.09.20 ж	Сейсенбі: 22.09.20.ж.	Сәрсенбі: 23.09.20.ж.	Бейсенбі: 24.09.20.ж.	Жұма: 25.09.20.ж.
Балаларды қабылдау. Ата -аналрмен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау, тазалықтарын тексеру, температураларын өлшеу. Ата-анамен әр түрлі тақырыпта әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )	Д/о: «Жыл мезгілдері» М/ты: Балалардың сөздік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру	Қ/о: «Күн мен жаңбыр» М/ты: Ойын ережесіне сай қимылдау. Балалардың қызығушылықтарын ояту.	Д/о: «Жануарлардың төлдерін ата» М/ты: Балаларға жануар туралы түсінік беру арқылы, оның төлдерін атауға үйрету.	Д/о: «Қуыршаққа моншақ тағамыз» М/ты: Балалардың саусақ моторикасын дамыту, түстерді ажырату.	Қ/о: «Маған қарай жүгіріндер» М/ты Ойын ережесінің нұсқауы бойынша қимылдар жасау.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені. № 2 картотека. «Лентамен»				

Таңғы ас.	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тағамдануға баулу, тағамдарын тауысып ішуге баулу.				
<p>Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.</p>	<p>«Біздің балабақшада» өлеңді жатқа айту. Балабақша есігін, Үшке тола ашқанбыз, Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл - екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз.</p>	<p>«Менің ойыншықтарым» ойыншықтар туралы әңгімелесу. Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімеге тарту, сөздік қорын дамыту.</p>	<p>«Кім тез жинайды?» ойыны. Жемістер мен көкөністерді ажыратып, жылдам себетке жинау. Тапқырлыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Ұшады- ұшпайды» ойыны. Балаларға ұшатын және ұшпайтын нәрселерді айтып, ойынға қызығушылықтарын ояту.</p>	<p>«Отбасы» сюжеттік рөлді ойыны. Балаларды отбасындағы іс-әрекеттер туралы үйрету.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша Ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі</p>	<p><b>ҚР Мемлекеттік Әнұраны</b> «Денсаулық» <b>Дене шынықтыру</b> Үлкендер еңбегі туралы балаларға тереңірек түсіндіру. Ептілік, күш, шапшандық сияқты қасиеттерді дамыту. 1. Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету. <b>Қимыл-қ ойын</b> «Торғайлар мен автомобиль» <b>Мақсаты:</b> балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.  «Таным». <b>Жаратылыстану.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Адам еңбегінің нәтижесі». <b>Мақ:</b> Киім, аяқ-киім, жиһаз, ойыншықтардың адам еңбегінің нәтижесінде келетіндігі туралы</p>	<p>«Қатынас» <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақ:</b> «Бау -бақшада, бақтарда» <b>Мақ:</b> Балалардың сөздік қорын заттың сапасымен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздерімен байыту. Балаларды бау-бақшадағы үлкендер еңбегімен таныстыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. <b>Дид-қ ойын</b> «Сөйлемді жалғастыр» <b>Мақсаты:</b> балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу.  «Шығармашылық» <b>Музыка</b> <b>Тақ:</b> «Менің туыстарым» <b>Мақсаты:</b> Көңілді сипатта орындалатын музыкалық</p>	<p>«Таным». <b>Математика негіздері.</b> <b>Тақырыбы:</b> «2 саны және цифрымен танысу. Қысқа-ұзын, сопақша (көптеген фигуралардың арасынан табу)». <b>Мақсаты:</b> 2 саны және оған сәйкес 2 цифрымен таныстыру. 2 цифрдың сандар қатарындағы орнын анықтау. Өзіне таныс заттарды ұзындығына көлеміне қарай (ұзын-қысқа) салыстыра алу дағдыларын дамыту. Сопақша туралы өткенді пысықтау. <b>Дид-қ ойын</b> «Қоянға көмектесеміз» <b>Ойын мақсаты:</b> Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшемін, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.</p>	<p>«Денсаулық» <b>Дене шынықтыру.</b> Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. 1. Допты бір-бірінің қақпасына домалатуды үйрету. 2. Доға астынан еңбектеп өтуге жаттықтыру (биіктігі 50 см). <b>Қимылды ойын</b> «Қаздар» <b>Мақсаты:</b> Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.  «Шығармашылық» <b>Музыка</b> <b>Тақ:</b> «Менің туыстарым» <b>Мақсаты:</b> Көңілді сипатта орындалатын музыкалық шығармаларды тындап, көңіл күйді сезіне білу. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.  «Таным».</p>	<p>«Денсаулық» <b>Дене шынықтыру.</b> Үлкендердің еңбегі туралы балалардың түсініктерін молайту. Негізгі қасиеттер- ептілік, күштіліктерін дамыту. 1. Гимнастикалық қабырға арқылы өрмелеуге жаттықтыру. 2. Гимнастикалық отырғыш үстінде еңбектеуге үйрету. <b>Қимыл-қ ойын</b> «Айдаһардың құйрығы» <b>Мақсаты:</b> Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесіп қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу.</p>

<p>түсінік беру. Заттардың сапасы және қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру. Адамдар еңбегін мақтан тұтуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дид-қ ойын</b> «Жалпы атауын ата»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Сурет салу.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Алма бағы» <b>Мақсаты:</b> Алма ағашының суретін салуға үйрету. Ағаштың құрылысына сәйкес оның бөліктерін бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Алмаларды әдемі бояуға жаттықтыру.</p> <p><b>Дид-қ ойын</b> «Бөлігін сал»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Заттың жетіспейтін</p>	<p>шығармаларды тыңдап, көңіл күйді сезіне білу. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту</p>		<p><b>Құрастыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Кітапша» <b>Мақсаты:</b> Балаларға кітаптың пайдасы туралы айту. Кітапша құрастыруда пішінді дұрыс таңдауға үйрету, қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Дид-қ ойын</b> «Не артық?»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.</p>	<p><b>«Қатынас»</b> <b>Көркем әдебиет,</b> <b>Тақ:</b> «Не деу керек?» Әнуарбек Дүйсенбиев. <b>Мақсаты:</b> Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілдікке, әдептілікке баулу.</p> <p><b>Дид-қ ойын</b> Танып ал да, атын ата <b>Мақсаты:</b> заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>«Шығармашылық»</b> <b>Жапсыру.</b> <b>Тақ:</b> «Тәрелкедегі алмалар» <b>Мақсаты:</b> Қажет бұйымдарды дұрыс пайдалана білуді дайын пішіндерді желімдей алуды бекіту. Қолдардың ұсақ қимылын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Дид-қ ойын</b> «Таңғажайып</p>
--	--	--	--	---

	бөлігін тауып орына сала білуге үйрету.				алақан» <b>Мақсаты:</b> қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<b>Серуендейміз бәріміз</b>	<p><b>№ 16.Бақылау.</b> Кемпірқосақты бақылау. <b>М/ты:</b> Жаңбырдан кейінгі кемпірқосақты бақылау. Түстерін ажыратып айту. <b>Еңбек:</b>Біздің аула. <b>М/ты:</b>Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау. <b>К/о:</b> «Тышқан мен мысық» <b>М/ты:</b> Балаларды ептілікке, шапшандыққа үйрету. <b>Ж/ж:</b>Мұхаммадқа, Атабекке жұмбақ жасыру. Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. <i>(Кемпірқосақ)</i> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 17.Бақылау</b> Ауа райын бақылау. <b>М/ты:</b>Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Гүл тұқымдарын жинау <b>М/ты:</b> Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. <b>К/о:</b> «Доппен ұрып алу» <b>М/ты:</b> Ойын ережесіне сай әрекет ету, қызығушылықтарын ояту. <b>Ж/ж:</b>Балнұрға, Каусарға жемістер туралы тақпақ жаттату. Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. <b>М/ты:</b>Есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 18.Бақылау.</b> Көгершінді бақылау <b>М/ты:</b>Көгершіннің дене бітімін, тіршілігін бақылау. <b>Еңбек:</b>Ауладағы құстарға жем беру. <b>М/ты:</b>Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. <b>К/о:</b> «Шымшық доп» <b>М/ты:</b> Допты қатты тебуге,оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдылыққа тәрбиелеу. <b>Ж/ж:</b> Әсемайға, Ердәулетке құстар туралы тақпақ жаттату. Жылы жаққа ұшпайтын, Біздің жақта қыстайтын. Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! <b>М/ты:</b>Тақпақ жаттата оотырып,есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 19.Бақылау.</b> Күзгі көріністі бақылау <b>М/ты:</b> Күз ерекшеліктерін айыра білуге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ойын алаңы. <b>М/ты:</b> Ойын алаңындағы ұсақ бұтақтарды жинау. <b>К/о:</b> «Қашпа доп» <b>М/ты:</b> Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға,қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшандыққа үйрету. <b>Ж/ж:</b> Баубекке, Айбекке «Күз» өлеңін жаттау. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>№ 20.Бақылау:</b> Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. <b>М/ты:</b>Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. <b>Еңбек:</b>Біздің ауламыз. <b>М/ты:</b> Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбек-қорлыққа баулу. <b>К/о:</b> «Күн мен түн» <b>М/ты:</b> Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшандыққа, ептілікке,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Ж/ж:</b> Мадинаға,</p>

					Сұлтанбекке Күзгі киімдердің атауын үйрету. <b>Еркін ойындар.</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттелікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті, түскі асқа дайындық.				
<b>Түскі ас</b>	«Ас адамның арқауы» тамақты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру, мәдени-гигиеналық машықтарға тәрбиелеу.				
<b>Түскі ұйқы</b>	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.	Ертегі оқып беру, ұйықтату.	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.	«Бесік жырын» тыңдату, ұйықтату	Баяу музыка тыңдату, ұйықтату.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</b>	Балаларды ұйқыдан ояту, гимнастикалық жолдан жүру, тыныс алу жаттығулары. жуыну жолдары.				
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып ішуге және астан кейін ас қайыруды дағдыландыру.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	<b>Дид/қ ойын:</b> «Бақта ма, бауда ма?» <b>Мақ/ы:</b> Балалардың жемістер мен көкөністерді ажырата алуын үйрету.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Кел билейік» Балаларды музыканың сипаты өзгергенде қимылдарын да өзгерту дағдыларын дамыту, бидің қимылдарын суырып салмалықпен орындауға талаптандыру, шығармашылық қиялды дамыту.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Көркем сөз» <b>Тақ:</b> «Алтын дән» өлеңі К.Ахметова <b>Мақ:</b> Еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.	Балаларға <b>«Күз»</b> тақпағын жаттату. <b>М/ы:</b> Балаладың тілдерін жаттықтыру, күз туралы түсініктерін кеңейту.	<b>Табиғат</b> бұрышындағы жемістер мен көкөністер муляждарын пайдаланып әңгімелесу.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс.</b>	<b>«Денсаулық»</b> саласы бойынша Әминаға мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға үйрету.	<b>«Қатынас».</b> саласы бойынша Сұлтанбекке тілдегі барлық дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.	<b>«Таным»</b> саласы бойынша Мадинаға геометриялық пішіндерді қайталап үйрету.	<b>«Шығармашылық»</b> саласы бойынша Айбекке сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстай біледі;	<b>«Әлеумет»</b> саласы бойынша Ердаулетпен әңгімелесу көлік құралдарын атауды үйрету.
<b>Серуенге дайындық.</b>	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				

